

Түркістан облысы
Келес ауданы
"№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

2022-2023 оқу жыл

Жобаның атауы: «ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ» жобасы

Жобаның мазмұны: Кіріспе

I. Дайындық кезеңі 2022-2023 оқу жылы

II. Негізгі кезең 2023-2024 оқу жылы

III. Қорытынды кезең 2024-2025 оқу жылы

Жобаны әзірлеуші:

"№10 «Игілік» жалпы орта білім беретін мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫ

I. КІРІСПЕ:

Әже шаңырағы – теңдесі жоқ өмір мектебі.

Қазіргі кезде балаларға қоғамның ықпалы барған сайын күшейе түсуде, олардың тәрбиесіне түрлі мекемелер мен ұйымдар қатысады. Ал, отбасы ше? Оның тәрбие берудегі рөлі қандай? Бала тәрбиесіндегі әженің рөлі қандай?

Қазіргі уақытта жұмыс басты аналар мен әкелердің барлығының бірдей балаларды тәрбиелеуге уақыттары бола бермей, соңында отбасындағы тәрбиеге жұмсалатын еңбек өте өнімсіз еңбекке айналуға.

Отбасылық құндылықтарды сақтау, әжелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау сынды міндеттерді шешуде. Сол мақсатта мектеп жанынан тәрбие

саласы бойынша 2022 жылы «Әжелер мектебі » жобасы қолға алынды. Бала бойындағы жақсылы-жаманды қасиеттерін байқаса, қазақ оны ең бірінші әке мен шеше тәрбиесінен көреді, «тегіне тартқан» дейді. Сол себепті де бала тәрбиесін халқымыздың ежелгі озық дәстүрлері негізінде жүргізе отырып, оны бүгінгі заманның жетістіктерімен ұштастыра білу маңызды. Осы талапқа сай мектебімізде құрылған «Әжелер мектебі» жобасы төмендегідей мақсат-міндеттерді басшылыққа алады:

1. Отбасылық құндылықтарды сақтау, әжелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру;
2. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету;
3. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау;
4. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.
5. Мектеп өміріне, қоғамдық жұмыстарға, іс-шараларға белсенді атсалысу.

ЖОБАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Білім алушылардың отбасылық және әлеуметтік құндылықтары мен құзыреттерін қалыптастыруда отбасы, мектеп, әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасау. Балалар тәрбиесінде отбасы рөлін көтеру.

ЖОБАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- «Отбасы-мектеп-бала» үштігінің өзара байланысын дамыту процесін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету;
- білім алушыларды тәрбиелеу ісіне шетелдік және қазақстандық тәжірибеде анықталған тәрбие жұмысының ең үздік түрлі нысандары мен әдістері арқылы ата-аналар қоғамдастығы мен әлеуметтік серіктестіктердің қатысуын жандандыру;
- отбасы мен мектептің ынтымақтастығын отбасылық тәрбиені ұйымдастырудағы серіктестік байланыстар арқылы үйлестіру;
- жалпыұлттық рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылықтар мен құзыреттер жүйесіне баса назар аудара отырып, отбасындағы, мектептегі және қоғамдағы тәрбие ұстанымдарын қамтамасыз ету;
- үлгілі отбасының тәжірибесін тарату арқылы отбасының беделін арттыру.
- Отбасылық құндылықтарды сақтау;
- Әжелер мен аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру
- Ата-аналардың жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру
- Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету
- Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау
- Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларн ұйымдастыру

ЖОБАДА БАҒЫТТАЛҒАН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР:

- Ата-аналардың оқу процесіне белсенді қатынаспауы;
- Бала тәрбиесіне әжелердің белсенді араласпауы;
- Ұлттық рухани тәжірибені таратуда ұрпақтар байланысының әлсіреуі;
- Ата-аналардың физиологиялық және психологиялық саулығы, отбасын жоспарлау мәселелеріндегі ақпараттың жетіспеушілігі, отбасындағы жанжалдарды дұрыс шеше алу дағдыларының болмауы.

ЖОБАНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІ:



ОТБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ:

1. Отбасындағы сенімділік
2. Дәстүрлерді сақтау
3. Үлкенге құрмет , кішіге ізет
4. Туысқандық қатынастағы отбасы
5. Еңбексүйгіштік
6. Сүйіспеншілік
7. Жомарттық

Отбасында балаңызды құрметтеуге бірнеше кеңес түрлері

1. Қорлау мен теріс белгілерді қолданбаңыз.
2. Сабырлы болыңыз және ешқашан дауыс көтермеңіз.
3. Балаңызды құрметтеңіз.
4. Егер сіз қателессеңіз, кешірім сұраңыз.

Күтілетін нәтиже:

Ата-ана мен бала арасындағы алшақтық жойылып, өзара ынтымақтастық орнауы, әке мен шешенің бала тәрбиесіне көңіл бөлуінің жақсаруы, отбасылық тәрбиеде әкенің рөлін ұғынуы.

«Бекітемін»

МДм.у.а: С.Маденов

«ӘЖЕЛЕР МЕКТЕБІ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Құндылықтарға негізделген білім беру» бағдарламасы аясында «Әжелер мектебін» құру, жұмыс жоспарларын бекіту	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	«Отбасы – рухани жаңғыру негізі» тақырыбында мектепшілік апталық ұйымдастыру. Апталықта 1-6 сыныптарда «Отбасындағы әже орны», 7-9 сыныптарда «Отбасындағы әженің беделін қалай арттыруға болады» тақырыбында тәрбие сағаттарын, дөңгелек үстел өткізу	Қыркүйек	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер А.Исакова А.Атемкулов Ж.Судейманова
3	Отбасының тәрбиелік әлеуетін, мектепте білім алушылардың ата-аналарымен қарым-қатынасын үйлестіру және отбасылық тәрбиені жақсарту мақсатында «мектептегі бір күн» жобасын «ашық есік» күнін іске асыру.	Токсанына бір күн	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер А.Исакова А.Атемкулов Ж.Судейманова
4	«Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп те бере алмайды» әке тәрбиесінің маңызы жайлы пікір сайыстар өткізу	Қазан айында	Әжелер және әкелер мектебі А.Исакова А.Атемкулов

5	«Сенің өміріндегі әженің рөлі қандай?» тақырыбында видеоролик түсіру	Қараша айы 15-25	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер А.Исакова А.Атемкулов
6	«Жеті атанды білесің бе?» тақырыбында мектепшілік танымдық ашық сабақтар өткізу	Қараша	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер
7	Қашықтықтан Отбасылық коллаж жасау/A4 форматта/ байқауын өткізу	Қаңтар айы 17-27	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер
8	Әжесімен бірге қолөнер бұйымын жасау. /видеороликтер байқауы/	Ақпан-наурыз 21.02-4.03.	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер
9	«Ата мен әже шаңырағы –теңдесі жоқ өмір мектебі» туған үйі туралы естелік эссе байқауын өткізу	Наурыз	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер Тілшілер
10	«Қазақ қызы қандай болу керек» қыз бала тәрбиесі жайлы дөңгелек үстел	Сәуір	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер А.Атемкулов Ж.Сулейманова
11	«Ата кәсібі- бала кәсібі» тақырыбында мамандық таңдауға кеңес беру 8-9 сыныптар арасында	Мамыр	Әжелер мектебі Сынып жетекшілер

МДТІЖО: **Б.Абдикаримов**

Әжелер кеңесінің ережесі

1. Жалпы ережелер

1.1. Мектеп Әжелер кеңесінің ережесі ҚР «Білім беру» Заңы, ҚР «Бала құқығы» Заңы, ҚР «Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» Заңдарын негізге ала отырып жасалды.

1.2. Әжелер кеңесі қызметі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативті-құқықтық актілерімен іске асады.

1.3. Әжелер кеңесі мектептің ата-аналар жиналысының бөлімі болып табылады.

2. Мақсаты мен міндеттері

2.1. Әжелер кеңесін құрудың мақсаты отбасылық құндылықтарды сақтау, әжелердің бала тәрбиелеудегі жауапкершілігін арттыру, ата-аналардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын ұйымдастырудағы рөлін арттыру.

2.2. Өз қызметінде Әжелер кеңесі келесі міндеттерді шешеді:

2.2.1. Тәрбие процесін ұйымдастыруда және басқаруда мектепке көмек көрсету.

2.2.2. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттау

2.2.3. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және білім беру мекемелерінде балалардың қауіпсіздігін сақтау шараларын ұйымдастыру.

3. Әжелер кеңесінің құзіреті

Әжелер кеңесі құзіретіне кіреді:

- оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарында қоғамдық бақылауды ұйымдастыру;
- өмірлік қиын жағдайға тап болған ата-аналармен, оқушылармен қоғамға жат әрекеттер мен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсініктеме жүргізу;

- педагог қызметкерлерге ішімдікке, темекі тартуға, қоғамға қарсы жат мінез құлықтар көрсетудің алдын алу шараларын ұйымдастыруда көмек көрсету;
- кеңеске жергілікті басқару мекемесінен, қоғамдық ұйымдардан өкіл, жеке кәсіпкерлерді, бұқаралық ақпарат қызметкерлерін шақыру;

4. Әжелер кеңесінің құқығы мен жауапкершілігі

4.1. Әжелер кеңесінің құқығы:

- жасөспірімдердің қоғамға қарсы әрекеттерімен, қиын отбасылармен жұмыс істеуге, шешімдер шығаруға;
- жасөспірімдердің құқығы мен заңды қызығушылықтарын қорғауда өз көзқарастарын кіргізе алады;
- жасөспірімдерді қоғамға жат мінез құлық көрсетуге, құқық бұзуға тартатын ұйымдарды, жеке адамдарды жауапкершілікке тарту мақсатында мемлекеттік орындарға шағым жасауға;
- сұрақтарға жауап беру үшін әжелер кеңесі құқық қорғау қызметкерлері, қамқоршы және қорғаншы орындарынан сұрақтарға жауап беру үшін қызметкерлер шақыра алады;
- әжелер кеңесі қабылдаған шешіммен барлық қызығушы адамдар мен жергілікті өзін-өзі басқарушы мекемелер таныса алады.

5. Әжелер кеңесі мүшелері

- 5.1. Әжелер кеңесі мүшесі болып ата-аналар ұсынған (заңды өкілдері) әжелер бола алады.
- 5.2. Әжелер кеңесі шақыруымен әжелер кеңесі жұмыстарына жергілікті өзін-өзі басқару мекемелері, ОВД инспекторы, қамқоршылық бөлімінен қызметкерлер қатыса алады.

5.3. Әжелер кеңесінде дауысты тек әжелер кеңесі мүшелері, инспекторы, камкоршылық бөлімі өкілі бере алады.

5.4. Отырысты бірінші жиналыста көп дауысқа ие болып сайланған председатель жүргізеді.

5.5. Хаттама жазу үшін кеңес мүшелері ішінен хатшы сайланады.

6. Әжелер кеңесі жұмысын ұйымдастыру және жүргізу

6.1. Әжелер кеңесі отырысы жылдық жоспар бойынша өткізіледі немесе кезектен тыс мәселелерді шешуде жылына 2-ден кем емес.

6.2. Әжелер кеңесі мүшелері мектеп бұйрығымен бекітіледі.

6.3. Әжелер кеңесі отырысы мүшелерінің 2/3 бөлігі жиналғанда өкілетті болып табылады.

6.4. Әжелер кеңесі шешімін мүшелерінің 50 пайызы дауыс берілгенде қабылданады.

6.5. Әжелер кеңесі хаттамамен рәсімделеді, онда уақыты, қанша адам жиналғаны және қаралған мәселелер көрсетіледі

6.6. Әжелер кеңесі отырысының хаттамасына төрайым мен хатшы қол қояды.